

**«2021 жылғы 29 қыркүйектегі №01-010879/297
Online шағын және орта бизнес өнімдері
бойынша жұмысқа қолдану үшін электронды
банктік қызметтерді көрсету туралы
Келісімді бекіту туралы» бұйрықтың қосымшасына
өзгерістер енгізу туралы бұйрыққа қосымша**

ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Электронды банктік қызметтерді көрсету туралы осы Келісім (бұдан әрі – Келісім) арқылы Банктің Онлайн-платформа, заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингі, Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін әдістермен электронды банктік қызметтерді көрсетуге байланысты «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) мен Қолданушы арасындағы қатынас реттеледі.

Осы Келісім қосылу шарты болып табылады және Келісімнің шарттарын толығымен қабылдау туралы жасалған күннен бастап жасалған болып табылады. Осы Келісім қосылу шарты болып табылады және Қолданушы Келісімнің талаптарын тұтастай қабылдау туралы келісімді растаған күннен бастап жасалған болып есептеледі, заңды күші бар, Тараптардың тиісті міндеттемелерін туындатады және жазбаша нысанға теңестіріледі. Банк Қолданушыға көрсетілген Келісімге Онлайн-платформада, заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде қолжетімділік беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Келісімге қол қоя отырып Қолданушы Келісімді толық оқып шыққандығын, түсінгендігін және Келісіммен толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз оқығанын, түсінгеніне және келіскеніне келіседі және Келісімнің талаптарын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенеді.

Қолданушы Онлайн-платформаны, заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингін тек "сол қалпында", яғни кез келген уақытта Банк ұсынған функционалдың, ақпараттық толықтырудың, интерфейстің, дизайнның, Қолданушының еркі бойынша өзгеруі техникалық мүмкін емес өзге құрамдастар мен пайдалану шарттарының кешеніне сәйкес пайдалану мүмкін екенін түсінеді және келіседі.

Келісімнің мәтінінде қолданылған терминдер мен анықтамалар келесідей мағына ие:

- 1) **Авторизация** — Қолданушыға Онлайн-платформада, заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде белгілі бір әрекеттерді іске асыру, сонымен қатар Банктің Онлайн-платформасын немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингін қолдану барысында мәліметтерді тексеру (растау) құқығын беру;
- 2) **Аутентификация** – Банк бекіткен Қауіпсіздік процедуралары талаптарына сәйкес электронды құжаттың түпнұсқалылығы мен дұрыстығын растау;
- 3) **Акцепт** - Қолданушының келісім жасасу ниетін, оның ішінде Онлайн-платформада немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде сұратылатын ақпаратты енгізу арқылы жасалатын әрекеттерін, сондай-ақ Банкпен банктік қарыз және/немесе өзге де банктік қызметтер, оның ішінде банктің сайтында <https://business.forte.kz//> жарияланған банктік қызмет көрсету

шарттарының талаптарына сәйкес жасалған шарттарды жасасу жөніндегі іс-әрекеттері. Жекелеген қызмет түрлеріне қатысты Келісімде оны жасаудың өзге тәртібі қарастырылуы мүмкін;

- 4) **Биометриялық сәйкестендіру** - Қолданушының физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде оның электрондық банк қызметтерін алуға құқықтарын біржақты растау мақсатында оның жеке басын анықтау процедурасы;
- 5) **Верификация (тексеру)** – Онлайн-платформада және/немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде тіркелу кезінде Қолданушы көрсеткен ұялы телефон нөміріне жіберілген растау кодын Онлайн-платформаны және/немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингін қолдану арқылы Қолданушының ұялы телефон нөмірін растауға бағытталған іс-әрекеттерінің жиыны;
- 6) **Сәйкестендіру құралдары** – Онлайн-платформада және/немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде электронды құжаттарға қол қоюға арналған Қолданушының электронды цифрлы қолтаңбасы немесе әріптерден, цифрдан немесе символдардан тұратын бірегей сәйкестендіргіш немесе басқа сәйкестендіргіш (дербес құпиясөз, бір реттік (бір жолғы) сәйкестендіргіш код (SMS-код), биометрикалық сәйкестендіру құралдары, мобильді OTP «ForteOTP» токені). Қолданушының сәйкестендіру құралдарын қолдануы Қолданушының электронды құжаттармен, оның ішінде Онлайн-платформада және/немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде жасалатын электроды түрдегі шарттармен танысуға және/немесе қол қою дерегін растайды;
- 7) **Сәйкестендіру** – Онлайн-платформада және/немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде электронды банктік қызметтерді алу құқығын бірмәнді растау мақсатында Қолданушының жеке басын анықтау процедурасы;
- 8) **Байланыс арналары** – Банк белгілеген тәртіп пен талаптарда қолданылатын электронды пошта (email), пошта байланысы, Банктің ресми <https://business.forte.kz//> интернет-ресурсы, мобильді және интернет банкинг, SMS-хабарламалар, телефон, факс, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электронды терминалдар және т.б. арқылы Банк пен Қолданушы арасындағы ақпарат алмасу құралдары;
- 9) **Растау коды (SMS-код)** – Қолданушының сұратуы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын және Қолданушыға электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді ұсыну кезінде және Қолданушыға Онлайн-платформада және/немесе заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет банкингінде электрондық құжаттарға қол қою үшін арналған бірегей жүйелі электрондық цифрлық символдардан тұратын, әрекет ету уақыты бойынша шектелген бір реттік (біржолғы) код;
- 10) **Несие** – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен Банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес Банктің Қолданушыға мерзімділігі, төлемділігі, қайтарымдылығы (ал жекелеген жағдайларда - сонымен қатар қамтамасыз ету мен мақсатты нысаны бойынша пайдаланылуы) шарттарында берілген банктік қарыз (оның ішінде несие желісі);
- 11) **Заңды тұлғаларға арналған «ForteBusiness» Мобильді интернет-банкингі (Мобильді интернет-банкинг)** - жеке кабинетте мобильді телефон немесе мобильді қосымша мен интернетке қолжетімділікті қолдайтын басқа құрылғы арқылы Клиенттің банктік операцияларға кіруі мен жүзеге асыруына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 12) **Онлайн платформа** - қашықтан қол жеткізу жүйесі-электрондық банк қызметтерін алу үшін Қолданушы мен Банк арасындағы байланысты қамтамасыз ететін телекоммуникациялар, цифрлық ақпараттық технологиялар, бағдарламалық қамтамасыз ету құралдарының және жабдықтардың жиынтығы;
- 13) **Құпиясөз** – Электронды банктік қызметтерді алу үшін Клиенттің Банк Жүйесіне кіруге құқығын растауға арналған сандардың, әріптердің және басқа символдардың жиынтығы;
- 14) **Жылдам кіру ПИН-коды**- құпия сандар жиынтығы, оның көмегімен Клиент Мобильді интернет-банкинге қолжетімділік ала алады;
- 15) **Қолданушы** – Онлайн-платформада және/немесе мобильді интернет банкинкте электронды

банктік қызметтерді алушы - жеке кәсіпкер, шаруа немесе фермерлік қожалық, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор;

- 16) **Қауіпсіздік шаралары** – электрондық банктік қызметтерді алу құқығын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық хабарламалардың мазмұнындағы қателерді және/немесе өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық хабарламаларды жасау, беру және алу кезінде Қолданушыны сәйкестендіруге арналған ұйымдастыру шараларының және ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-техникалық құралдарының кешені;
- 17) **Сессия** – Қолданушы Онлайн-платформа арқылы электронды банктік қызметтерді үздіксіз қолдана алатын уақыт аралығы. Егер Қолданушы Онлайн-платформада 24 (жиырма төрт) сағат/ Мобильді интернет-банкингте 3 (үш) минут ішінде ешқандай әрекет жасамаса сессия автоматты түрде аяқталады, ал Онлайн- платформаға/Мобильді интернет-банкингке қайта кіру Қолданушыны қайта авторизациялау арқылы іске асырылады;
- 18) **Тарифтер**- банктік қызметтерді көрсеткені үшін белгіленген төлем мөлшері;
- 19) **Электронды-цифрлы қолтанба (ЭЦҚ)** – ЭЦҚ арқылы жасалған және сәйкестендіру құралы болып табылатын электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электронды цифрлы символдардың жиынтығы;
- 20) **Электронды банктік қызметтер** – Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы төлем қызметтері мен ақпараттық банктік қызметтерді алу үшін клиенттің өзінің банктік шоттарына қолжетімділікке байланысты қызметтер;
- 21) **FaceID** - Клиенттің бет-әлпетінің көлемді - кеңістіктік формасының сканері, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкингке кіруге болады;
- 22) **Push- хабарлама** – Мобильді интернет банкингте Банктің Қолданушыға жіберетін қысқа қалқымалы хабарламалар;
- 23) **SMS-хабарлама** – Қолданушының Банкке немесе Банктің Қолданушыға мобильді оператор арқылы белгіленген нұсқада жіберетін мәтіндік қысқа хабарлама;
- 24) **SMS- хабарландыру** – Банктің Қолданушыға жіберетін әріптік-сандық мәтіндегі ақпараттық жарнамалық сипаттағы SMS хабарламалары.
- 25) **TouchID**- Клиентті саусақ ізі арқылы сәйкестендіретін жүйе, оның көмегімен құрылғының құлпын қауіпсіз ашуға, Мобильді интернет-банкингке кіруге болады;
- 26) **Мобильді OTP «ForteOTP» токен** – Қолданушыға Мобильдік интернет-банкингтегі электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді ұсыну кезінде пайдалануға арналған бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру кодын генерациялайтын/жасайтын мобильді қосымша.

Келісімнің мәтінінде қолданылған басқа да арнайы терминдер мен мағыналар Қазақстан Республикасының заңнамаларында бекітілген мағыналарға сәйкес қолданылады.

1. Келісімнің мәні

1.1. Банк Келісімнің шеңберінде және талаптары бойынша Қолданушыға электрондық банктік қызметтерді Онлайн-платформа және/немесе мобильді интернет-банкинг арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен ұсынуға міндеттенеді, ал Қолданушы осы қызметтерді Банктің Филиалдарында/Бөлімшелерінде және Банктің ресми <https://business.forte.kz//> сайтында жалпыға қолжетімді жерлерде баршаға көрінетіндей орналастырылған Банк тарифтеріне сәйкес төлеуге (қажет болған жағдайда) міндеттенеді.

1.2. Банк қауіпсіздік шараларының талаптарына сәйкес электронды банктік қызметтерді көрсетеді.

1.3. Қолданушы Банк алдындағы Келісім бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаған жағдайда, Келісімді бұзудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Банктің жақын жердегі бөлімшесіне бару арқылы бір жақты тәртіппен Келісімнен бас тартуға

құқылы.

1.4 Келісімді бұзу Тараптардың екі жақты келісімі бойынша немесе Тараптардың біреуінің Келісімнің шарттарын бұзған жағдайда бір жақты тәртіпте жүзеге асырылады.

1.5 Келісімнің әрекеті тоқтатылады:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және Келісімде қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте;
- 2) егер Қолданушы іске асырған операцияларды зерделеу барысында Банк бұл операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мен терроризмді қаржыландыру мақсатында іске асырылатындығына күдіктенсе;
- 3) Терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізімінде Қолданушы туралы мәліметтер бар болса;
- 4) егер халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/жүрген тұлға мәміле бойынша операцияның/мәміленің немесе міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып табылса немесе осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
- 5) егер Банк Келісімнің, жария болып табылатын Банктің және корреспондент Банктің ішкі рәсімдері мен шарттарының талаптары бұзылады деп ұйғарған жағдайда, сондай-ақ қолданысы Банкке және (немесе) Қолданушыға қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда бұзылуы мүмкін.

2. Электронды банктік қызметтердің тізімі

2.1. Банк Қолданушыға Банктің келесі қызметтерін қашықтықтан пайдалану мүмкіндігін ұсынады:

Онлайн платформа арқылы:

1. банктік (ағымдағы) шотты ашу;
 2. несие алуға өтінім беру;
 4. несиені ағымдағы шотқа беру;
 5. банктік қарыз шарты бойынша өтеу кестесі туралы ақпарат ұсыну
- Мобильді интернет-банкинг арқылы:

Б. ЭЦҚ арқылы банктік қызмет көрсету шартына қол қою;

1. банктік (ағымдағы) шотты ашу;
2. төлем карточкаларын шығару/қызмет көрсету;
3. ұлттық және шетел валюталарында аударым операциялар жүргізу;
4. айырбастау/ForteX;
5. анықтамалар алу;
6. банктік (жинақ) шотын ашу және салымды салу;
7. несиені ресімдеу және беру.

* Осы бөлімде көрсетілген қызметтер тізімі түпкілікті болып табылмайды және Онлайн-платформаның және/немесе Мобильді интернет банкингтің жетілдірілуіне қарай Банк бір жақты тәртіпте толықтыруы/өзгертуі мүмкін, бұл жайлы Банк Қолданушыға Банктің ресми

<https://business.forte.kz//> сайтында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы хабарлайды.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Банк міндетті:

- 1) Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкингте Келісім мен Банктің қауіпсіздік процедураларында қарастырылған тәртіпте сәйкестендіруді/аутентификациялауды/авторизациялауды қамтамасыз етуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамаларында және Келісімде қарастырылған тәртіпте электронды банктік қызметтерді көрсетуге;
- 3) <https://business.forte.kz> / / сайтында ақпараттық хабарлама орналастыру арқылы Қолданушыға қолжетімділікті тоқтатуы және электронды банк қызметтерін ұсынуға кедергі келтіруі мүмкін жүргізілетін жұмыстардың аяқталу мерзімдерін көрсете отырып Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкингте жүргізілетін техникалық жұмыстар туралы құлақтандыруға, сондай-ақ Push-хабарламаларды мобильді интернет-банкингте жіберу арқылы хабарлауға;
- 4) Қолданушының Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарын және Келісімнің шарттарын орындаған жағдайда Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы құрылатын және берілетін қарастырылған тәртіпте Қолданушының құжаттарын/тапсырмаларын орындауға;

Банк Қолданушының операциялары бойынша банктік құпияны сақтауға жауапкершілік алады. Көрсетілген операциялар бойынша ақпарат тек қана Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қолданушымен жасалған Келісімде қарастырылған тәртіпте жария етілуі мүмкін.

3.2. Банк құқылы:

- 1) Қолданушыға келесі жағдайларда операцияны жүргізуді тоқтатуға және/немесе бас тартуға құқылы:
 - Қолданушыны сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизациялау бойынша шараларды қолданудың мүмкін болмауы;
 - егер Қолданушы жасайтын операциялардың барысын зерделеу кезінде рұқсат етілмеген операциялардың жүргізілуі жайлы күдік бар болса;
 - егер Қолданушы "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті орган жасайтын терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген тұлға болып табылса;
 - егер халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген тұлға мәміле бойынша операцияның/мәміленің немесе міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып табылса не осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
 - егер Қолданушы жасайтын операцияларды зерделеу процесінде олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күдік болса;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ForeignAccountTaxComplianceAct (FATCA) талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы пайдаланушының қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан бас тартуы, сондай-ақ Қолданушының деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және АҚШ салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруге келісімі;
 - "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді

қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған жағдайларда;

– егер сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизациялау нәтижелері бойынша Қолданушының оның кез келген бөлігінде дұрыс емес ақпарат беруі және/немесе пайдаланушының іс-әрекеттерінің және/немесе белгілерінің заңнамада, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталса. Бұл ретте Қолданушының дербес деректерді жинау, өңдеу, сақтау және беру тәртібімен, шарттарымен келісуі Банктің Қолданушыға электронды банк қызметтерін ұсынудан бас тартуына қарамастан жарамды болып қалады;

– Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да жағдайларда;

2) қол қоюмен ұсынылған Қолданушының Банкте ашылған ағымдағы шотынан (шоттарынан) ақшаны есептен шығаруға алдын ала келісімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен Келісім бойынша Банк көрсеткен электронды банктік қызметтер үшін Қолданушы төлеуге тиіс тарифтер мөлшерінде ақша сомасын алу;

3) Қолданушының банктік шоттарында, оның ішінде екінші деңгейдегі банктерде ашылған төлем карточкасын пайдалана отырып, Банк тарифтеріне сәйкес комиссияларды төлеу үшін жеткілікті қаражат болмаған кезде қызметтерді көрсетуден бас тартуға;

4) өз бетінше, бір жақты тәртіппен Банктің филиалдарында/бөлімшелерінде және Банктің ресми <https://business.forte.kz/> сайтында жалпыға қолжетімді орындарда осындай ақпаратты орналастыру арқылы Онлайн-платформаны және/немесе мобильді интернет-банкингті пайдалану тәртібін және электронды банк қызметтерін ұсыну шарттарын реттейтін Банктің тарифтеріне/лимиттеріне және өзге де құжаттарына өзгерістер енгізу Банктің, заңнамада тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, мұндай өзгертуге біржақты тәртіппен жол берілмейді;

5) Осы тармақта белгіленген тәртіппен Онлайн-платформаны және/немесе Мобильді интернет - банкингті пайдалану тәртібін және электрондық банк қызметтерін ұсыну шарттарын реттейтін Банктің тарифтерін/лимиттерін және өзге де құжаттарын қоса алғанда, келісімге өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпарат жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң осындай өзгерістер / толықтырулар күшіне енеді;

5-1) Қазақстан Республикасының заңнамасында біржақты өзгертуге тыйым салынған шарттарды қоспағанда, электрондық банк қызметтерін пайдалану тәртібі мен ұсыну шарттарын реттейтін Банктің тарифтерін /лимиттерін және өзге де құжаттарын қоса алғанда, келісімге өзгерістер/толықтырулар енгізу, бұл туралы Қолданушыны мұндай өзгерістер/толықтырулар (оның ішінде банктік қызметтер) енгізілгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күн бұрын алдын ала хабардар ете отырып, филиалдарының операциялық залдарында, банктің ресми сайтында www.forte.kz, үнсіздікпен айтылған пайдаланушының еркі негізінде. Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде көрсетілген құжаттарға өзгерістерді/толықтыруларды қабылдау туралы жазбаша өтінішті пайдаланушының ұсынбауы оның ерік білдіруінің көрінісі болып табылады және пайдаланушының осындай өзгерістермен/толықтырулармен келісетінін білдіреді, күшіне енеді;

6) Онлайн-платформада және/немесе мобильді интернет-банкингте интерфейс пен техникалық баптауларды өзгертуді жүргізу.

3.3. Қолданушы міндетті:

1) Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы операцияларды жүргізу үшін Қолданушының нақты (расталған) деректерін көрсетуге;

2) Қолданушының енгізген деректерінің дұрыстығын өз бетінше тексеруге;

3) Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет-банкингте сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизациялау параметрлері туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу/бермеуге, сонымен қатар Мобильді интернет-банкингке рұқсатсыз кіруді болдырмау мақсатында үшінші тұлғаларды FaceID/TouchID мобильді/өзге құрылғыға

орнатпауға;

- 4) Банкке банктік шотты жүргізгені үшін, сонымен қатар Банктің филиалдардың операциялық залдарында және ресми <https://business.forte.kz//> сайтында орналастырылған банктік шот бойынша тиісті операцияларды жүргізу кезіндегі қолданыстағы Банктің тарифтеріне сәйкес басқа да банктік қызметтерді көрсеткені үшін комиссия төлеуге;
- 5) Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет банкинкте сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизациялау Банк белгілеген барлық қажетті процедураларды іске асыруға;
- 6) Келісімнің талаптарына толықтай көлемде сәйкес Онлайн-платформаны және/немесе Мобильді интернет банкингі қолдануға;
- 7) төлемді/ақша аударымын жүргізу кезінде Банк тарифтеріне сәйкес төлемді/аударымды және комиссиялық сыйақыны алу үшін жеткілікті ақша сомасын қамтамасыз етуге;
- 8) Банк қауіпсіздігі шаралараның талаптарын сақтауға;
- 9) Банкке операцияларды жүргізу үшін қажетті құжаттарды, сондай-ақ валюталық бақылауды жүзеге асыру, Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында, сондай-ақ FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Қолданушының деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және АҚШ салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін Банк сұрататын құжаттарды ұсыну. FATCA талаптарына сәйкес Банкке ұсынылған ақпарат өзгерген жағдайда (оның ішінде Қолданушы АҚШ азаматы және салық төлеушісі болып табылмаса, бір жыл ішінде АҚШ-қа бармаса, тұруға ықтиярхаты, пошталық мекенжайы, АҚШ-та тіркелген телефон нөмірі болмаса, АҚШ аумағында тұратын жеке тұлғаға операциялар жасау құқығына сенімхат бермесе), Қолданушы Банкке өз бетінше хабарлауға;
- 10) Банктің сайтында <https://business.forte.kz//> Банк тарифтерімен танысу арқылы мерзімді негізде Келісімге енгізілетін өзгерістерға/толықтыруларға бағдар жасауға;
- 11) төлемді жүргізу кезінде интернет желісіне қолжетімділік беретін бағдарламалық қамтамасыз етудің мен компьютердің немесе басқа да құрылғылардың тиісті қорғалуын қамтамасыз етуге;
- 12) Онлайн-платформаға және/немесе Мобильді интернет банкинкке кіру мен Банктің электронды банктік қызметтерді көрсету кезінде қолданылған сәйкестендіру құралдарын үшінші тұлғаларға бермеуге;
- 13) Онлайн-платформаға және/немесе Мобильді интернет-банкинкке кіруді жүзеге асыру кезінде және электронды банк қызметтерін алу кезінде Қолданушының сәйкестендіру құралдарының сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Электронды банктік қызметтерді алу кезінде сәйкестендіру құралдарының көмегімен қол қойылған құжаттар үшін жауап беру;
- 14) сәйкестендіру құралдары жоғалған/ұрланған жағдайда бұл туралы дереу Банкке хабарлау, бірақ сәйкестендіру құралдарының жоғалғаны/немесе жария етілгені анықталған кезден бастап бір сағаттан кешіктірмей.
- 15) Қолданушының уәкілетті тұлғалары операцияларды жасамауға/қызметтерді алмауға (мұны дереу тоқтатуға және тиісті құжаттарды ұсына отырып, банкті дереу жазбаша хабардар етуге), егер мұндай тұлғалардың өкілеттіктері тоқтатылса немесе жоқ болса.

3.4. Қолданушы құқылы:

- 1) Келісімде қарастырылған тәртіпте электронды банктік қызметтерді пайдалануға;
- 2) Банктен Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет-банкинг арқылы электронды банктік қызметтердің мәселелері бойынша мәліметтер мен ақыл-кеңестерді алуға;
- 3) Банктен Келісім бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындауын талап етуге.

3.5. Қолданушы мыналарға келіседі және растайды:

- 1) Банктің өтініштерге, банктік қарыз шарттарына, төлем кестелеріне, аударым

операцияларына және т.б. қол қою кезінде электронды цифрлы қолтаңбаны қолдануына келіседі.

4. Электронды банктік қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттары

4.1. Қолданушы Келісімнің талаптарын қабылдау туралы келісімді растаған соң және Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет банкинкте сәйкестендіру процедураларынан өткен жағдайда Келісімде белгіленген тәртіпте Банк қызметтерін қашықтан алуға құқылы.

4.2. Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет банкинкте авторизациядан өте отырып, Қолданушы Банкке өзінің дербес деректерін жинауға және өңдеуге, банктік қызмет көрсету шарты бойынша қызмет көрсетуге, құқығын іске асыруға және міндеттерін орындауға өз келісімін береді.

4.3. Қолданушының Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет банкинкте авторизациялау мен электронды банктік қызметтерді алуы Келісімде қарастырылған тәртіпте өз бетінше іске асырылады.

4.4. Банктің Онлайн-платформасы және/немесе мобильді интернет банкингі Қолданушыларға тәулік бойы қолжетімді. Банк Қолданушыға Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет банкинкте техникалық мүмкіндіктер бар болған жағдайда электронды банктік қызметті көрсетеді. Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы арқылы электронды банктік қызметтерді алуға байланысты мәселелер бойынша Банктің ресми <https://business.forte.kz//> сайтында көрсетілген тәулік бойы қолдау көрсету телефондарына хабарласу қажет.

4.5. Электронды банктік қызметтерді алу үшін келесі талаптар болу қажет:

1) Онлайн-платформа үшін:

- Онлайн-платформаға қолжетімділік (Банктің веб-ресурсына қосылу арқылы https://mybpm.bpm.fortebank.com/login/cert?returnUrl=%2Fhome%2Fmain%2Fprocess%2Fstart%3Fkey%3Dopen_account_site%26external%3Dtrue);

- Банктің техникалық мүмкіндіктерінің болуы;

- Онлайн-платформаға арналған қолданыстағы ЭЦҚ болуы.

2) Мобильді интернет- банкинг үшін:

- ұялы телефонның болуы, iOS және Android операциялық жүйесі бар ұялы телефонның немесе басқа да құрылғының болуы;

- интернетке қолжетімділіктің болуы;

- Банктің қосымшасына қолжетімділік;

- қолданыстағы ЭЦҚ болуы;

- Банктің техникалық мүмкіндігінің болуы.

4.6. Онлайн-платформада/Мобильді интернет - банкинкте кез келген операцияны орындау операцияны растау үшін пайдаланушыны сәйкестендіру және аутентификациялау, сондай-ақ Банк белгілеген қауіпсіздік процедурасына сәйкес шарттарға қол қою арқылы мүмкін болады.

4.7. Қолданушының аутентификациясы мен сәйкестендіруі сәтті өткен соң Қолданушының Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет банкинкте электронды түрде Банкке жіберетін нұсқаулары/құжаттары Қолданушы атынан жіберілген болып саналады және Қолданушының өзі қол қойған қағаз нұсқадағы құжатымен тең деп танылады. Көрсетілген құжаттар Қолданушы атынан Банктің операциялар жүргізуге және басқа да әрекеттерді жүргізуге негіз болып табылады.

4.8. Қолданушы мен Банк Келісімге сәйкес Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы Қолданушы жіберетін және Банк алатын құжаттардан/нұсқаулардан туындайтын барлық міндеттемелерді өзіне толығымен міндеттеп алады.

4.9. Банк Қолданушының аутентификациясы мен сәйкестендіруі сәтті өткен соң Қолданушыға Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы электронды түрде

жіберген нұсқауларын жібергендігі/алғандығы туралы растаманы береді.

4.10. Қолданушыдан Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы операцияларды жүргізуге нұсқау алған соң Банк Қолданушының нұсқауын Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіпте бастамашылық етілген күні орындайды.

4.11. Электронды банктік қызметтерді көрсету кезінде Банк қалыптастырған құжаттар егер Қазақстан Республикасының заңнамаларында басқа мерзім қарастырылмаса электронды түрде кемінде 5 (Бес) жыл сақталады.

4.12. Банк Қолданушыға жасалған операциялар туралы хабарламаны Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы электрондық түрде ұсынады.

4.13. Қолданушы Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы алынған Қолданушының нұсқауларының орындалуын өз бетінше қадағалауға міндеттенеді.

4.14. Келісімнің қолданыс мерзімінің ішінде Банк ұсынған электронды банктік қызметтердің ең жоғары мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған мерзімдерге сәйкес келеді.

4.15. Банк Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы жүргізілетін операцияларды даулау бойынша шағымдарды Қазақстан Республикасының заңнамаларында және халықаралық төлем жүйесінің ережелерінде қарастырылған тәртіпте қабылданады.

4.16. Несиеге өтінім беру кезінде банктік қарыз шартына/несие желісін беру туралы келісімге қол қойғанға дейін Қолданушыға банктік қарыз/несие желісі жайлы ақпарат беріледі: банктік қарызды/несие желісін беру мерзімі; банктік қарыздың шекті сомасы мен валютасы; сыйақының мөлшерлемесінің түрлері: белгіленген немесе жылжымалы, сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайыздағы және оның жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі мөлшері; банктік қарызды беру мен қызмет көрсетуге байланысты банк пайдасына комиссиялардың, тарифтердің және басқа да шығындардың тізімі мен мөлшерлері; несие желісін беру туралы банктік қарыз шарты/келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қолданушының жауапкершілігі мен тәуекелдері. Егер Қолданушы электронды банктік қызметтерді көрсету шарттарымен келскен жағдайда ЭЦҚ арқылы барлық құжаттарға қол қояды.

4.17. Осы арқылы Қолданушы өзінің уәкілетті тұлғаларының тиісті түрде және бүкіл қолданылу мерзімі ішінде пайдаланушының банктік шоты бойынша тиісті операцияларды жүзеге асыруға өкілетті болатынына кепілдік береді және куәландырады.

5. Қауіпсіздік процедуралары

5.1. Банк электронды байланыс арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін технологияларды қолданады.

5.2. Банк Қолданушыны Онлайн-платформада сәйкестендіруді Қолданушының ЭЦҚ кілтін көрсетудің дұрыстығын тексеру арқылы жүргізіледі.

5.3. Мобильді интернет-банкингте қолжетімділікті жүзеге асыру кезінде Мобильді интернет-банкингте Қолданушыны бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) келесі тәсілдермен жүргізіледі:

- 1) верификация, жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу, биометриялық сәйкестендіру (телефон нөмірі бойынша тіркеу кезінде) не ЭЦҚ және верификация (ЭЦҚ бойынша тіркеу кезінде) (дара кәсіпкерлер, шаруа (фермер) қожалықтары, жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары, адвокаттар, кәсіби медиаторлар үшін);
- 2) верификация, бизнес сәйкестендіру нөмірін (телефон нөмірі бойынша тіркеу опциясын таңдаған жағдайда ғана), ЭЦҚ (заңды тұлғалардың өкілдері үшін) енгізу.

Мобильді интернет-банкингте бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) кезінде Қолданушы құпиясөзді орнатуы қажет, логин оның ұялы телефонының нөмірі болады. Сонымен қатар, Қолданушыға жылдам кіру үшін Face ID, TouchID және PIN кодын орнату ұсынылады. Мобильді интернет-банкингке кейіннен кіру Қолданушы логин мен парольді енгізу, сондай-ақ SMS-кодты пайдалану немесе FaceID/TouchID/жылдам кіру ПИН-кодын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. FaceID/TouchID/жылдам кіру ПИН-кодын орнату кезінде Мобильді интернет-

банкинг Қолданушы енгізген логин мен құпиясөзді есте сақтайды және FaceID/TouchID/жылдам кіру ПИН-кодын әрбір пайдалану кезінде Мобильді интернет-банкингке кіру үшін құпиясөз автоматты түрде енгізіледі. Келісімге қосылу арқылы Қолданушы Мобильді интернет-банкингке кірудің көрсетілген әдісімен келіседі.

Қолданушының уәкілетті адамының Мобильді интернет-банкингінде бастапқы сәйкестендіру (тіркеу) заңды тұлғаның бірінші басшысы, дара кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығының басшысы, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор бастапқы сәйкестендірілгеннен (тіркелгеннен) кейін ғана жүзеге асырылады.

5.4. Онлайн-платформада аутентификация үшін Қолданушының ЭЦҚ пайдаланылады, мобильді интернет-банкингте SMS-код, "ForteOTP" мобильді OTP токенимен жинақталатын бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру коды, Қолданушының ЭЦҚ пайдаланылады.

5.5. Даулы жағдайларды талдау және талдау үшін деректерге қол жеткізу Қолданушы мен банк жіберген/қабылдаған барлық құжаттардың мұрағатын жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

5.6. Қолданушының жүйедегі барлық әрекеттері Банктің электронды журналында жазылады.

5.7. Рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ету үшін Банк "ForteOTP" мобильді OTP токенимен генерацияланатын логиннің, құпиясөздің, ЭЦҚ-ның, SMS-кодтың, бір реттік (бір реттік) сәйкестендіру кодының дұрыс көрсетілуін Автоматты тексеруді қолданады.

5.8. Қолданушының Онлайн-платформаға және/немесе Мобильді интернет банкингке қолжетімділікті Банктің байланыс орталығына хабарласу арқылы бұғаттау мүмкіндігі бар.

5.9. Банк рұқсат етілмеген төлемдерден қауіпсіздік деңгейін жоғарылату, құпия ақпаратты жария етуді немесе басқа құқық бұзушылық әрекеттерді болдырмау, алаяқтық әрекеттердің алдын алу мақсатында Қолданушы жүргізетін операциялардың растығын, дұрыстығын, нақтылығын тексеру үшін және қызметтерді көрсетуге қажетті қосымша шарттарды, талаптарды қарастыруы мүмкін.

6. Құпиялылық

6.1. Банк Қолданушының банктік құпияны, заңмен қорғалатын өзге де құпиясын құрайтын құпия ақпаратын, оның ішінде дербес деректерін үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуін болдырмау үшін шараларды қолдануға міндеттенеді. Осы тектес кез келген ақпарат үшінші тұлғаларға тек Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте ғана берілуі мүмкін.

6.2. Тараптар Келісім бойынша алған барлық ақпараттың құпия екендігімен келісті және оны басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімін алусыз қандай да бір түрде кез келген үшінші тұлғаларға жария етуге тыйым салынады.

Осы тармақта белгіленген тыйым салу мұндай ақпаратты беру немесе ашу заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасында осыған уәкілеттік берілген адамдардың және (немесе) органдардың талаптарына негізделген жағдайларға қолданылмайды.

7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)

7.1. Тараптар Келісім бойынша міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін, егер мұндай орындамау және (немесе) тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп келісімге қол қойылғаннан кейін төтенше сипаттағы күтпеген және бұлтартпас оқиғалар нәтижесінде туындаған: соғыс және соғыс қимылдары, ресми түрде осындай деп танылған аудандарда болып жатқан дүлей немесе өзге де зілзалалар, Қазақстан Республикасының заң шығарушы және/немесе атқарушы билік органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Келісімнің нысанасына тікелей қатысты қызметке тыйым салатын немесе шектейтін іс-әрекеттері сияқты мән-жайларды түсінеді, соның салдарынан келісім бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау, Онлайн-

платформаның жұмысындағы жарамсыздық, іркілістер мен қателер, Онлайн-платформаның жұмысын қамтамасыз ететін байланыс желілерінің зақымдануы деп түсінеді. Тараптар өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін жағдайларды тез арада қалпына келтіру үшін өздеріне байланысты барлық әрекеттерді қолдануға міндеттенеді.

7.3. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары орын алған кезде егер Келісімде басқасы қарастырылмаған болса, ол жағдай туындаған сәттен бастап бір-біріне 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға міндеттенеді.

7.4. Банк Келісімнің 7.2 тармағында көрсетілген жағдайдың салдарынан Келісім бойынша міндеттемелерін орындай алмайтын жағдайда Қолданушыға дереу хабарлауы (Қолданушының телефонына SMS-хабарлама/Push-хабарландыру жіберу арқылы немесе банктің мына мекенжай бойынша <https://business.forte.kz//> ресми сайтына тиісті ақпаратты орналастыру арқылы) тиіс.

7.5. Келісімнің осы тармағында қарастырылған жағдайларда Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекетте болатын мерзімге шегеріледі.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Тараптар Келісім бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Келісімнің талаптарына сәйкес, ал Келісімде қарастырылмаған жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте жауапкершілік алады.

8.2. Келісім бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін Тараптың кінәсі болса және нақты зиянның көлемінде ғана өзара жауапты болады.

8.3. Онлайн-платформада және/немесе Мобильді интернет банкинкте үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қолжетімділігінен туындаған залалға жауапкершілік кінәлі тарапқа жүктеледі.

8.4. Банк Қолданушының сәйкестендіруші құралдарына үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдалануынан туындаған залал үшін егер мұндай пайдалану Банктің кінәсінен болмаса жауапкершілік алмайды.

8.5. Егер Қолданушының электронды банк қызметтерін алуына байланысты ақпарат Банктің шегінен тыс орналасқан байланыс арналары арқылы беру кезінде ақпаратқа қол жеткізу нәтижесінде Қолданушының қызметтерді алуы кезінде үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда Банк жауапты болмайды.

8.6. Банк 3.1 тармақтың 1) тармақшасын тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк Қолданушының банктік шотынан жүргізілген рұқсатсыз төлемдер үшін жауапкершілік алмайды.

8.7. Қолданушы Келісім жасасу арқылы Қолданушыға және оның операцияларына қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес шет мемлекеттердің заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарға және санкцияларға байланысты туындауы мүмкін барлық тәуекелдер мен салдарларды (оның ішінде операцияның түріне байланысты, Қолданушының тіркелген және (немесе) орналасқан елімен шектелмей) өзіне қабылдайды. Банк осы тәуекелдер мен салдарлар үшін жауап бермейді.

9. Онлайн-платформаның және/немесе Мобильді интернет банкингінің жұмысының тоқтатылуы

9.1. Банк Банктің ресми сайты және(немесе) басқа да байланыс құралдары арқылы электронды банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру, тоқтатудың негіздемесіне байланысты дереу, бірақ 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлау арқылы Қолданушыға электронды банктік қызметтерді көрсетуді мына жағдайларда тоқтата тұрады немесе толық тоқтатады:

1) Қолданушының Келісімде қарастырылған электронды банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзған жағдайда;

- 2) электронды банктік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақаулығы;
- 3) Банк қауіпсіздігі процедураларында қарастырылған жағдайларда;
- 4) Келісім мен Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған басқа да негіздерде.

10. Дауларды шешу тәртібі

10.1. Даулы жағдайлар орын алған кезде Қолданушы хабарласуға құқылы мекенжайын, телефон нөмірін, шағымын және басқа да мәліметті көрсету арқылы Банктің Байланыс орталығына 8 705 921 75 75 телефон нөмірі бойынша (Билайн абоненттері үшін қоңырау шалу тегін, басқа байланыс операторлары үшін оператордың тарифіне сәйкес) немесе 555-75 (Қазақстан бойынша ұялы телефондардан қоңырау шалу тегін) (ауызша өтініш) хабарласуға немесе шағымын/хабарламасын/өтінішін Келісімде көрсетілген мекенжай бойынша жазбаша түрде жіберуге құқылы. Банк Қолданушының өтінішін Қазақстан Республикасының заңнамаларында, Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте қарастырады.

10.2. Тараптар Келісімді іске асыру барысында Банк пен Қолданушы арасында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктерді ізгі ниет және өзара келісім қағидаттары бойынша реттеу үшін барлық қажетті күш-жігерлерін салады.

10.3. Банк пен Қолданушы арасындағы келіспеушіліктер мен даулар келісімге келу барысында шешілмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының сот органдарына берілуі мүмкін.

10.4. Келісімде қарастырылмаған барлық қалған жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады.

11. Басқа талаптар

11.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамаларында біржақты тәртіпте тыйым салынған шарттарды қоспағанда Банк тиісті ақпаратты Банктің <https://business.forte.kz//> ресми сайтында ақпараттың хабарламаны орналастыру арқылы немесе Қолданушыға Онлайн-платформа және/немесе мобильді интернет-банкинг арқылы ондағы қалқымалы терезеге немесе SMS-хабарлама/Push-хабарландыру жіберу арқылы Келісімнің қолданысын өзгертетін/тоқтатылатын болжамды күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабарлау арқылы Келісімге өзгерістер енгізуге немесе Келісімнен біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.

11.2. Қолданушы Келісімді жасай отырып, Қолданушының Келісімнің белгіленген талаптарын сақтай отырып Онлайн-платформа және/немесе Мобильді интернет банкинг арқылы жіберген құжаттарды/нұсқауларды Банктің алуы заңды түрде қағаз нұсқадағы құжаттарға тең келетінін және олар бойынша мәміленің жазбаша үлгісі Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сай келетіндігін мойындайды және келіседі.

11.3. Қолданушы Банкке Келісімде көрсетілген тәртіп пен талаптарда құрылған және берілген құжаттарды/нұсқауларды қағаз нұсқадағы құжаттармен теңдей қолдануға құқық береді. Бұл ретте Қолданушы орындау үшін Банкке жіберген осындай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін және осындай құжаттар туындататын құқықтық салдар үшін толық жауапты болады.

11.4. Қолданушы Келісімге қол қоя отырып, Банктің құқығын мойындайды және төмендегілерге келісімін береді:

1) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген әрекетті/шараларды іске асыруы/қолдануы Банктік қызметтерді көрсету аясында Қолданушының кез келген түрдегі дербес, биометрикалық және басқа да деректерін Қолданушы ұсынатын/Банк жинайтын барлық заңды дереккөздерден өңдеу, растау мен тексеру (бұдан әрі – Деректер) жиналған Деректердің қандай да бір өзгешелігі/өзгерісі анықталған жағдайда сол сияқты нақтыланған және/немесе шынайы/өзекті Деректерді алуға (жинауға), өңдеуге, растауға және тексеруге тең болады;

2) кредиттік бюролармен, "Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК – мен (бұдан әрі – ҚБЕО), уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттарымен (Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталы) өзара іс-қимыл арқылы уәкілетті органдардың мемлекеттік дерекқорларын (бұдан әрі-МДБ) қоса алғанда, банктің ресми/заңды көздерден деректер ұсынуына / беруіне және алуына/ Электрондық лицензиялау және басқа да ресми дереккөздер), банкпен ақпарат беру және алу туралы шарт жасалған кредиттік бюролар, сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығы (бұдан әрі-СДӨО) – Биометриялық деректерді пайдалана отырып қашықтықтан сәйкестендіруді қоса алғанда, Банктің оны сәйкестендіру үшін қажетті пайдаланушы туралы өзекті және дұрыс мәліметтерді алу мақсатында – деректерді алуға/ұсынуға құқығы бар ҚБЕО және өзге де ұйымдар/мекемелер базасында;

3) МДБ, СДӨО иелерінің, сондай-ақ кредиттік бюроның ресми және заңды көздерін (Қазақстан Республикасы Электрондық үкіметінің порталы/электрондық лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми көздер), оның ішінде операторлардан/МДБ иелерінен, банкке, кредиттік бюроға және өзге де ұйымдарға/мекемелерге МДБ-дан алынған деректерді беруіне тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүзеге асыратын заңды тұлғаға қолда бар және болашақта келіп түсетін деректерді кредиттік бюро мен Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар (кредиттік бюроларды қоса алғанда немесе кредиттік бюролар арқылы) арқылы беруге;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне және (немесе) оның аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – Мемлекеттік кірістер органы), оның ішінде Мемлекеттік кірістер органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік күн ішінде қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтер және (немесе) құжаттар алмасуды жүзеге асыру мақсатында мәліметтер және (немесе) құжаттар беруге Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті мөлшерлерден асатын;

6) FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Қолданушының деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және АҚШ салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру;

7) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпшен коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуы төмендегі жайғдайлар мен тұлғаларға рұқсат етіледі:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және негіздер бойынша банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-лерге) және өзге тұлғаларға, банк осындай тұлғамен(-лармен) нысанасы аталған тұлғалардың банктен алынған/алынатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеу туралы міндеттемелерді қабылдауы болып табылатын келісім(-дер) жасасқан жағдайда;

9) Онлайн-платформа арқылы телефон нөмірі бойынша оның пайдасына ақша аударуды жүзеге асыру кезінде Онлайн-платформаның басқа Қолданушыларына банктік құпияны құрайтын ол туралы мәліметтерді ашу.

Бұл келісім банк қызметтерін алуға байланысты мәмілелер жасау (шарттар жасасу және орындау) мақсатында, сондай-ақ «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заңдық салдарлар туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау мақсатында беріледі.

11.7. Осы арқылы Қолданушы шарттар, шарттарға қосымша келісімдер бойынша, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындаған өзге де жағдайларда Қолданушы Банкке берген және болашақта беруге жататын Дербес деректер субъектілерінің дербес деректеріне қатысты осындай дербес деректерді Қолданушы алдын ала Банкке берген дербес деректерді Қолданушы Дербес деректер

субъектілерінің дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуі, дербес деректерді трансшекаралық беруін куәландырады.

11.8. Банк айқындайтын қажет болған жағдайда, Пайдаланушы Банкке Дербес деректер субъектілерінен пайдаланушы жинаған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға беруге, оның ішінде Банкке беруге, дербес деректерді Банктің өңдеуіне келісімдердің бар-жоғын құжаттамалық растауды ұсынады, ал келісімдердің бар-жоғын құжаттамалық растау мүмкін болмаған кезде мұндай келісімдерді жинайды, содан кейін Банкке дербес деректерді жинауды және өңдеуді, Банктің оларды алуын растайды.

11.9. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Қолданушыға жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Қолданушы Банктің талап етуі бойынша банкке келтірілген кез келген шығыстар мен залалдарды өтеуге міндеттенеді.

11.10. Осы арқылы Қолданушы Банкке тиісті шет мемлекеттің берілетін дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуіне қарамастан, пайдаланушы дербес деректерін банкке беруі мүмкін Қолданушының/ Қолданушының уәкілетті тұлғасының/басқа Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін трансшекаралық беруге өзінің сөзсіз келісімін береді.

11.11. Осы арқылы Қолданушы төмендегілерді растайды:

1) егер Келісімде не субъект (субъект өкілі болып табылатын тұлға) мен Банк арасында жасалған тиісті шартта (шарттарда) Банктің субъектінің дербес деректерін ашық байланыс арналары арқылы беруі (трансшекаралық беруді қоса алғанда) көзделген/көзделген жағдайда, субъект ақпаратты рұқсатсыз алу тәуекелін сезінеді үшінші тұлғалар және осындай тәуекелді қабылдайды;

2) осы Келісім банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен субъектінің дербес деректерімен кез келген әрекетті (операцияны) немесе осындай әрекеттердің (операциялардың) жиынтығын, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе соңғыларын пайдаланбай жасалатын, жинауды, өңдеуді, жазуды, көшіруді, резервтік көшірмені қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, жүзеге асыру құқығын береді банктің ішінде және одан тыс жерлерде көшіру, қорғау, скрининг, жүйелеу, жинақтау, сақтау (қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтай отырып), нақтылау (өзгерту, жаңарту), егер бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмесе, Банктің тапсырмасы бойынша үшінші тұлғаның алып қоюы, пайдалануы, беруі (таратуы, рұқсат беруі, оның ішінде, субъектінің дербес деректерін өңдеу құқығымен үшінші тұлғаларға беруі, трансшекаралық беруді қоса алғанда), иесіздендіруі, бұғаттауы, алып тастауы, жоюы, оның ішінде осы әрекеттерді жүзеге асыруы;

3) осы Келісімді Банк, оның ішінде субъект және/немесе өкілі субъект болып табылатын заңды тұлға және/немесе субъект акционердің/қатысушының бірінші басшысы, бас бухгалтері болып табылатын заңды тұлға және т. б., Банктегі кез келген өнімдерді, банктік және/немесе өзге де қызметтерді алған кезде, сондай-ақ оның өкілі болып табылатын заңды тұлға алған кезде пайдалана алады. осындай заңды тұлғаның (контрагент ретінде) Банкпен мәмілелер жасасуы туралы ақпаратты қамтуы мүмкін.

11.12. Келісімді жасау арқылы Қолданушы Банк қызметкерімен телефон арқылы Банктің жазба құрылғысы арқылы жүргізген келіссөздерінің жазбасы Қолданушыдан ауызша хабарлама/өтініш келіп түскен мазмұнның жеткілікті дәлелі болып табылатынына сөзсіз келіседі.

Реквизиты Банк деректемелері

Мекенжайы: Z05P1P0/010017, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 8/1 Телефон: +7 (717) 258-40-40

Факс: +7 (717) 259 67 87

e-mailinfo@fortebank.com

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683

Қолданушының Онлайн платформада ЭЦҚ арқылы/Мобильдік қосымшада ЭЦҚ және/немесе СМС-код арқылы қол қойғаннан кейінгі деректемелері.